

Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2017 жылы әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2017 жылғы 29 наурыздағы № 109 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 сәуірде № 6996 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 8-тармағына сәйкес, Амангелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2017 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс
сессия төрағасы

Д. Мақтағанова

Аудандық
мәслихат хатшысы

Қ. Кеделбаев

"Амангелді ауданы әкімдігінің
экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ М. Сакетов